УДК 338.22

ТҮЙІН

Гусев Виктор Александрович

«ТЖС Өскемен Логистикс» ЖШС мысалында клиенттерге логистикалық қызмет көрсету жүйесін құрудың инновациялық әдістері.

6N0506 – «Экономика»

Осы магистрлік жұмыста «ТЖС Өскемен Логистикс» ЖШС логистикалық компаниясының қызметіне анализ жасалған.

Осы жұмыстың мақсаты клиенттерге логистикалық қызмет көрсету жүйесін құру принциптерін зерттеу болып табылады. Ол үшін бұл жұмыста клиенттерге қызмет көрсету деңгейін бағалау әдісі ұсынылған, сонымен қатар мұнда неғұрлым мобильді, өнімдірек, тасымалдау кезінде аз шығынды қажет ететін көлік түрін анықтауға арналған шара жүргізілген.

Осы жұмыстың негізгі міндеті компанияның клиенттеге қызмет көрсету барысында кемістіктерді анықтау және нарықтық бәсеке кезінде қызмет көрсетудің деңгейін құрып, оны ары қарай қалыпта ұстап қалу болып табылады.

Жұмыстың жоспары зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне байланысты анықталған. Жұмыс кіріспеден, үш бөлімнен, он үш тармақтардан, қорытындыдан, қолданылған әдебиеттер тізімінен және екі қосымшадан тұрады.

«Кәсіпкерлік үрдіс ретіндегі логистиканың теориялық негіздері» атты бірінші бөлімде теориялық логистиканың негіздері, кәсіпкерлік үрдістің методологиялық аспектілері анықталған.

««ТЖС Өскемен Логистикс» ЖШС компаниясының жалпы сипаттамасы» атты екінші бөлімде зерттеу объектісіне жалпы сипаттама берілген және келесілерге анализ жұмыстары жүргізілген: компанияны басқару жүйесінің ақпараттық ағымдарына, жұмыстарды орындау көлеміне, материалдық ағым көлемдеріне, жүк түрлеріне байланысты материалдық ағымдарға, орындалған жұмыс көлеміне және тұрақты клиенттердің материалдық ағымдарының көлемдеріне, компанияның қаржылық жағдайының және компанияны басқару жүйесінің экономикалық көрсеткіштеріне.

«Реинжиниринг негізінде клиенттерге логистикалық қызмет көрсету жүйесін құру» атты үшінші бөлімде компания жұмысының нәижелілігін арттыруға байланысты келесі шаралар жобалары берілген: логистикалық қызмет көрсету компанияның негізгі кәсіпкерлік үрдісі ретінде; кәсіпкерлік үрдістің экономикалық пайдалылығына әсер ететін әдіс ретінде клиенттерге қызмет көрсету деңгейін бағалау; көліктің әр түрлі түрлеріне тән сипаттамалардың эксперттік бағаларының негізінде клиенттерге қызмет көрсетудің нәтижелілігін жоғарылату; кәсіпкерлік үрдістің ережелері мен әдістерінің әсер ету кезінде клиенттерге қызмет көрсетудің нәтижелілігін кешенді бағалау әдістемесі.

Жұмыстың қорытындысында зерттеу нәтижелері беріліп, негізгі қорытынды жасалып, алдағы жұмыстың болашақ көрінісіне болжам жасалған.